

Көкшетау қаласы «№19 орта мектебі» КММ-нде өткізілген қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған семинар өтті.

2020 жылдың 5 ақпанында №19 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қалалық семинар өтті.

Семинардың тақырыбы: Жаңартылған білім мазмұны – заман талабы.

Семинардың мақсаты: «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру»

Семинар барысында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері М.О. Кусаинова мен Б.Т.Аймаханова Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлы Абайды ұлықтаған ұрпақпыз» атты сыныптан тыс іс-шара өткізді.

Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, ақын шығармаларымен өскелең ұрпақты сусындату; Ұлы ақынның шығармашылығын насихаттау, ұлылығын таныту; Абай шығармашылығын терең түсінуге, қасиетті жырларын қадір тұтуға тәрбиелеу;



Абай Құнанбаевтың өмірге келуіне байланысты көрініс көрсетіліп, әкесі Құнанбайдың баласы Абайдан үлкен үміт күтетіндігі әсерлі көрініспен берілді. Абай Құнанбайұлының шығармашылығына байланысты әзірленген әдеби-сазды кеште кезекпен ақынның өлеңдері оқылып, әндері айтылды, күй тартылды.



Семинар барысында мектебіміздің жас мамандары ашық сабақ беріп, өздерінің жаңартылған білім мазмұнын қаншалықты меңгеріп, сабақ барысында жүзеге асырып жүргендіктерін көрсетті. Атап айтар болсақ, 8 «В» сыныбында «Қоршаған орта» тақырыбы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор Хабибулла Ләйлагул Хаберқызы өткізді. Сабақ кезеңдерін талапқа сай, құрылымын жүйелі құра білген, оқу мақсатын жүзеге асыра білген жас маманның сабағы тәжірибелі ұстаздардың көңілінен шықты.



Семинарда 6 «А» сыныбында өнер» (етістік) тақырыбында ашық Пән мұғалімі: педагог-модератор - А. Жас маман сабағын шынайы байланыстыра отырып, оқушылардың қызығушылығын білді. Жәмила Амангелдіқызы барысында бағалау критерийін ұйымдастыра білді. Семинар ұстаздық қадамына риза болып, зор екендігіне сенетіндіктерін айтты.



«Спорт – сабақ өтті. Бекен Ж. өмірмен

арттыра сабақ жүйелі қонақтары болашағы

Аталған семинарда жас маман, қазақ тілі және қазақ әдебиеті мұғалімі Тоғубаева Алтынай Қайыржанқызы 6-сынып оқушыларымен «Жусан иісі. Соғыс жылдарындағы балалар өмірі» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Сабақтың негізгі мақсаты – шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың маңыздылығына негіздеме жасау болды. Алтынай Қайыржанқызы сабақ мақсатын сәтті жүзеге асыра білді. Оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып негізгі ойдың маңыздылығын өздерінің түсінуіне жағдай жасады. Сабақтың мақсаты, бағалау критерийі, тапсырмалары сауатты құрылған.

